

## **Түркістан облысында халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативін бекіту туралы**

Түркістан облысы әкімдігінің 2026 жылғы 28 қаңтардағы № 31 қаулысы

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығының 38-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан облысында халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативі 1000 адамға 152,52 метр<sup>2</sup> болып бекітілсін.

2. "Түркістан облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Көшеров*